

ӘОЖ 94(574)

## IX–XI ҒАСЫРЛАРДАҒЫ ОҒЫЗ ТАЙПАЛАРЫНЫҢ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ТАРИХИ РӨЛІ МЕН ЭТНОМӘДЕНИ МҰРАСЫ

*Алмабекова Алмагуль Бериковна*

2-курс магистранты, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,  
Астана қ., Қазақстан

**Ғылыми жетекші:** т.ғ.к., доцент Бекмаганбетов Умирбай Жолдыбекович

*Бұл мақала IX–XI ғасырлар аралығында қазіргі Қазақстан аумағында өмір сүрген оғыз тайпаларының тарихи дамуы мен олардың саяси ұйымы, мемлекеттік құрылымы, шаруашылық және мәдени ерекшеліктері, сондай-ақ этникалық мұрасының қалыптасуы мәселелерін кешенді түрде талдауға арналған. Зерттеу барысында археологиялық, жазба және этнографиялық дереккөздер негізінде оғыздардың түркі өркениетінің дамуына қосқан үлесі мен олардың кейінгі қазақ халқының этногенезіндегі рөлі қарастырылады. Сонымен бірге оғыз мемлекетінің өрлеуіне ықпал еткен ішкі және сыртқы факторлар, көршілес этностармен саяси және мәдени байланыстары қарастырылған. Бұл зерттеу IX–XI ғасырлардағы оғыз кезеңінің Қазақстан тарихындағы орнын жаңа қырынан түсінуге мүмкіндік береді.*

**Кілт сөздері:** Оғыздар, түркі өркениеті, этникалық мұра, Оғыз мемлекеті, саяси құрылым, мәдениет.

### Кіріспе

IX–XI ғасырларда Қазақстан аумағында оғыз тайпаларының тарихи рөлі зор болды. Олар Орталық Азиядан бастап, Еуразияның батыс аймақтарына дейін кең ауқымда қоныстанып, маңызды этносаяси үрдістердің белсенді қатысушылары ретінде танылды. Оғыз халқының мемлекеттік жүйесі, шаруашылық қызметі және мәдени мұрасы түркі өркениетінің алға басуына ықпал етті.

Аталған кезеңдегі оғыз тайпаларының тарихы түрлі жазбаларда және археологиялық дереккөздерде көрініс тапқанымен, олардың саяси құрылымы, экономикалық ерекшеліктері мен мәдениеті әлі де толық зерттелмеген. Осыған байланысты, Қазақстан жеріндегі оғыздардың тарихи орнын жан-жақты талдау ғылыми өзектілікке ие.

Бұл зерттеудің мақсаты-оғыз тайпаларының Қазақстан территориясындағы саяси-әлеуметтік құрылымын, шаруашылық-мәдени ерекшеліктерін және этникалық мұрасын тарихи тұрғыда талдау. Зерттеу барысында оғыз

мемлекетінің құрылымы, олардың көрші халықтармен қарым-қатынасы және тарихи даму динамикасы қарастырылады.

### **Оғыз мемлекетінің қалыптасуы және саяси құрылымы**

IX ғасырдың екінші жартысы мен X ғасырдың басында оғыз тайпалары тарихи аренаға дербес саяси күш ретінде шыға бастады. Бұл кезеңде олар Сырдарияның орта және төменгі ағысы бойында, сондай-ақ Батыс Қазақстан далаларында тұрақтап, Оғыз мемлекетінің негізін қалады. Түркі тектес халықтардың бірі ретінде оғыздар Орталық Азия мен Еуразия далаларының этносаяси дамуында маңызды рөл атқарды.

Жазба деректерде оғыз атауы шамамен IX ғасырдан бастап жиі кездеседі. «Оғыз» атауының шығуы мен мағынасы туралы бірқатар пікірлер бар. Кейбір зерттеушілер бұл атау көне түркі тіліндегі «оғ» (тайпа, ру) және көптік жалғау «-ыз» арқылы «тайпалар бірлестігі» дегенді білдіретінін айтады. Ал ауыз әдебиетінде оғыздардың арғы тегі түрік халықтарына ортақ «Оғызнаме» жырындағы басты кейіпкер – Оғыз қаған есімімен тікелей байланысты. Бұл жырда Оғыз қаған барша түрік ру-тайпаларының арғы атасы ретінде бейнеленеді. [1, 104 б.] .

IX-XI ғасырлар аралығында оғыз тайпалары Сырдарияның орта және төменгі ағысы бойында, сондай-ақ оған шектес Батыс Қазақстан далаларында Оғыз мемлекетін құрды. Мемлекет басшысы «жабғу» деп аталды және ол жоғарғы саяси әрі әскери билікті иеленді. Жабғудың мұрагері қызметін «инал» атқарған болса, әскери басшылық «сюбашы» деп аталатын лауазым иесінің қолында болды. Мұндай иерархиялық жүйе оғыз қоғамының саяси тұрғыдан ұйымдасқан және мемлекеттік басқару институттарының қалыптасқанын дәлелдейді. Бұл тайпалар түркі тектес халықтардың бірі ретінде тарихта елеулі із қалдырды. [2, 496 б.]. Жазба дереккөздерде, IX ғасырдың соңы мен X ғасырдың басында оғыз тайпалық бірлестігінің дербес мемлекеттік құрылым ретінде қалыптаса бастағанын айтуға негіз бар. Оғыздар өз мемлекеттілігін құрғаннан кейін, оның астанасы ретінде Янгикент немесе жаңа Гузия қаласы белгіленген болатын. Бұл қаланың оғыз державасының саяси орталығы ретінде таңдалуы кездейсоқ емес еді, мұнда шешуші рөл атқарған бірқатар маңызды факторларды атап өткен жөн. Ең басты себеп – қаланың Орта Азия ірі егіншілік ошақтарымен, атап айтқанда Хорезм және Мәуереннахрмен шектесіп жатқан тиімді географиялық орналасуы еді. [3, 74 б.]. Янгикент тек саяси-әкімшілік орталық қана емес, сонымен бірге Хорезммен және Мәуереннахрмен шекаралас орналасуына байланысты ірі сауда орталығы болды. Бұл оғыздардың отырықшы және көшпелі мәдениеттер арасындағы делдалдық рөлін күшейтті.

IX ғасырдың соңында оғыздар хазарлардың көмегімен печенегтерді жеңіп, олардың Урал мен Еділ арасындағы жерлерін басып алды. XI ғасырдың ортасына дейін Орта Азияның далалық аймағындағы саяси үстемдік оғыз көсемдерінің қолында болды. [4, 6 б.]. Оғыз тайпаларының қоныс аймақтары

Ырғыз, Орал, Ембі және Ойыл өзендерінің бойларына орналасып, Сырдария маңы мен Қаратау етектері арқылы Испиджаб шекарасына дейін кең жайылған еді. Археологиялық зерттеулер бойынша, оғыздар Сырдарияның орта және төменгі ағысы, Арал аймағы мен Шығыс Каспий өңірінде мекендеген, әрі Орталық Қазақстанға дейін таралғанын көрсететін көптеген ескерткіштер бар, мысалы Аяққамыр, Басқамыр қалалары және Домбауыл кесенесі. Бұл ескерткіштер оғыздардың тұрақты отырықшы және жартылай отырықшы өмір салтының дамығанын дәлелдейді. Олардың бекіністері мен тұрақтары Оңтүстік Орал мен Төменгі Еділ аймағына дейін жеткен. Сонымен қатар, оғыздар отырықшы өңірлермен, Хорезм, Мәуераннахр және Хорасан мемлекеттерімен шекаралас орналасқан.

Тарихи деректерге сүйенсек, оғыздар өз заманының саяси жағдайына байланысты өзге мемлекеттермен әскери және саяси одақтар құруға мәжбүр болған. Бұл тұрғыда Киев Русімен бірлесе отырып, Хазар қағандығын Еділ бұлғарларына қарсы күресі ерекше атап өтіледі. [5, 277 б.]. Киев Русімен орнаған одақ оғыз халқы үшін әскери қолдау алып қана қоймай, екі халықтың арасындағы сауда-экономикалық байланыстардың қалыптасуына да себеп болды. Бұл процесс олардың ішкі тұрақтылығына да әсер еткені сөзсіз.

X ғасырда оғыз тайпаларының печенегтермен бірге шығыстан жылжып, Русь шекарасына жеткен. Византиялық және араб авторлары оғыздар мен печенегтер арасындағы жауластық қатынастар жайлы құнды мәліметтер қалдырған. Бұл күрестердің ізі XVII ғасырға дейін жеткен ауыз әдебиетінде сақталған. XI ғасырдың екінші жартысында Махмұд Қашғари өзінің атақты сөздігінде «Печенег» атауын оғыз тайпаларының бірі ретінде келтірген. Яғни, бұл печенегтердің дербес этнос ретінде емес, оғыз бірлестігінің құрамында болғанын көруге болады. Кейінгі жазба деректерге қарағанда, мысалы Рашид әд-Дин шығармасында, печенегтер оғыздардың төрт ең ықпалды тайпасының бір ретінде аталып, сол қанаттың бектері солардың арасынан шыққаны баяндалады. [6, 84 б.].

Оғыз мемлекеті XI ғасырдың ортасына дейін өз саяси ықпалын сақтағанымен, ішкі қайшылықтар мен сыртқы қысымдардың әсерінен әлсірей бастады. XI ғасырдың орта кезеңінде Оғыз мемлекеті Қыпшақ тайпаларының шабуылы нәтижесінде толықтай күйреуге ұшырады. Бұл оқиға оғыз тайпаларының кең ауқымды миграциялық және ассимиляциялық процестерін тудырды. Атап айтқанда, оғыздардың негізгі бөлігі Батыс Арал өңірі мен Солтүстік Каспий маңындағы ежелгі қоныстарын тастап, батыс бағытқа, яғни Шығыс Еуропа мен Кіші Азия аумағына қоныс аударды. Сонымен қатар, оғыздардың қалған топтары Мәуераннахрдағы Қарахан мемлекетінің және Хорасандағы Селжұқ билеушілерінің саяси ықпалына өтті. Ақырында, осы ірі жеңілістен кейін қалған оғыз жұрттарының аз бөлігі кейіннен Дешті-Қыпшақ кеңістігін мекендеген түркітілдес тайпалардың құрамына сіңісіп,

ассимиляцияға ұшырады. Бұл жағдай Орталық Азияның этникалық-саяси картасындағы айтарлықтай өзгерістерді білдіреді. [7, 158 б.]. Дегенмен, оғыздардың саяси құрылымы мен мемлекеттік тәжірибесі кейінгі түркі мемлекеттерінің қалыптасуына негіз болды.

### **Оғыздардың шаруашылығы, мәдениеті және этникалық мұрасы**

Оғыз тайпаларының шаруашылығы олардың көшпелі және жартылай көшпелі өмір салтына негізделді. Негізгі кәсібі мал шаруашылығы болды: қой, жылқы, сиыр және түйе өсіру кең тарады. Бұл олардың күнделікті тұрмыс-тіршілігін, әлеуметтік құрылымын және материалдық мәдениетін анықтады. Мал шаруашылығының дамуы көшіп-қону бағыттарын, маусымдық жайылымдарды пайдалануды және табиғи ортаға бейімделу стратегияларын айқындады. Оғыздар сонымен қатар егіншілік пен аңшылықпен де айналысқан. Әсіресе Сырдария бойындағы отырықшы аймақтарда суармалы егіншілік дамыды. Бұл аймақтарда арпа, бидай және тары егілді, суару жүйелері мен ирригациялық құрылыстар салынды. Мұндай шаруашылық құрылымы оғыз қоғамында экономикалық дамығанын және олардың табиғи-географиялық жағдайларға икемделе алғанын көрсетеді.

Материалдық мәдениет тұрғысынан оғыздар көшпелі өркениеттің классикалық белгілерін иеленді. Киіз үй – олардың басты баспанасы ғана емес, әлеуметтік иерархияны, дүниетанымды және отбасы ішіндегі рөлдерді бейнелейтін мәдени нысан болды. Киіз үйдің ішкі кеңістігі жас ерекшелігіне, жынысына және әлеуметтік мәртебесіне қарай бөлінді. Мұндай құрылым қоғамдағы әлеуметтік қатынастардың айқын көрінісі болды.

Оғыздардың тұрмыстық бұйымдары мен қолөнері де дамыған еді. Киім-кешектер мен әшекейлерде көркем ою-өрнектер мен символикалық белгілер қолданылды. Қыш ыдыстар, темір және қола бұйымдар, қару-жарақ түрлері олардың тұрмысындағы қолөнердің дамығанын дәлелдейді. Бұл заттар тек тұрмыстық қажеттілікті өтеу үшін ғана емес, сонымен қатар әлеуметтік мәртебені көрсету құралы ретінде де қызмет етті.

Фольклор мен ауыз әдебиеті оғыз мәдениетінің ажырамас бөлігі болды. «Оғызнаме» эпосы оғыздардың шығу тегі, әлеуметтік құрылымы, моральдық-этикалық құндылықтары мен батырлық идеалдарын бейнелейтін маңызды туынды саналады. Бұл дастан түркі халықтарының тарихи жадын сақтап, ұрпақтан ұрпаққа жеткізуде ерекше рөл атқарды. Этникалық тұрғыдан алғанда, оғыз тайпалары кейінгі түркі халықтарының, соның ішінде қазақ халқының этногенезінде маңызды рөл атқарды. Бірқатар оғыз тайпалары қыпшақ, қарлұқ, керей сияқты түркі тектес этностармен араласып, қазақ халқының қалыптасуына елеулі үлес қосты. Мәселен, қазіргі қазақ халқы құрамындағы байұлы, шөмекей, алаш, алшын сияқты рулар оғыз тектес тайпалардың ұрпақтары ретінде қарастырылады.

Қорытындылай келе, IX-XI ғасырлардағы оғыз тайпалары – Қазақстан тарихындағы саяси, мәдени және этникалық процестерге айрықша із қалдырған көне түрік халықтарының бірі. Олардың Жабғу басқарған саяси жүйесі, Янгикент қаласының сауда-саяси рөлі және Киев Русімен құрған одағы Орталық Азияның геосаяси аренасындағы белсенділігін көрсетеді. Оғыздардың этникалық мұрасы кейінгі қазақ халқының ру-тайпалық құрамына сіңіп, мәдени сабақтастықты қамтамасыз етті. Оғыз дәуірінің зерттелуі жалпы түркі тарихының өтпелі кезеңін толық түсінуге, әрі қазақ, түрікмен, түрік және әзірбайжан халықтарының ортақ түбірін айқындауға мүмкіндік береді. Осы бағыттағы археологиялық және деректанулық зерттеулерді тереңдету – тарихи байланыстарды ашу үшін басты міндет болып қала бермек.

### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі**

1. Қазақстан: Ұлттық энциклопедия / Бас редакторы Б. Аяған. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 2005. – 724 б., суретті. – 7-том. – ISBN 9965-9746-5-9.
2. Сыдыков Е., Шанбай Т. и др.: Лев Гумилев. Энциклопедия – Москва : Художественная литература, 2017. – 803 с.
3. Алтын тұғырлы алыптар / Е. Қадашұлы; алғысөз орнына Ж. Смағұлов; редакторы Е. Мұсабек. – Қарағанды: Типография АРКО, 2020. – 222 б.– ISBN 978-601-204-531-5.
4. Агаджанов С.Г. Очерки истории огузов и туркменов Средней Азии IX-XIII вв. – Ашхабад: «ЫЛЫМ», 1969.– 295 с.
5. Авестадан алашка дейін : [тарихи-танымдық зерттеулер] / Б. Байқошқарұлы – Алматы : Нұрлы Әлем, 2007. – 348 б.
6. Толстов С.П. Города Гузов (Историко-этнографические этюды) / Советская этнография. 1947, №3, - 103 с.
7. Койгелдиев М., Кинаятулы З., Ускембай К. (ред.). История казахской государственности (древность и средневековье): монографическое исследование. – Алматы: Адамар, 2007. – 416 с.

### **ИСТОРИЧЕСКАЯ РОЛЬ И ЭТНОКУЛЬТУРНОЕ НАСЛЕДИЕ ОГУЗСКИХ ПЛЕМЁН В КАЗАХСТАНЕ В IX–XI ВЕКАХ**

*Алмабекова Алмагуль Бериковна*

**Научный руководитель:** к.и.н., доцент Бекмаганбетов Умирбай  
Жолдыбекович

*Эта статья посвящена комплексному анализу исторического развития, политической организации, государственного устройства, хозяйственных и культурных особенностей, а также проблем формирования этнического наследия огузских племён, живших на территории современного Казахстана в период IX–XI веков. В ходе исследования на основе археологических, письменных и этнографических источников рассматривается вклад огузов в развитие тюркской цивилизации и их роль в этногенезе последующего казахского народа. Вместе с тем, рассмотрены внутренние и внешние факторы, повлиявшие на расцвет Огузского государства, а также его политические и культурные связи с соседними этносами. Данное исследование позволяет по-новому взглянуть на место огузского периода IX–XI веков в истории Казахстана.*

**Ключевые слова:** огузы, тюркская цивилизация, этническое наследие, Огузское государство, политическая структура, культура.

## **THE HISTORICAL ROLE AND ETHNOCULTURAL HERITAGE OF THE OGHUZ TRIBES IN KAZAKHSTAN IN THE 9TH–11TH CENTURIES**

*Almabekova A.B.*

**Scientific supervisor:** Bekmaganbetov U. Z.

*This article explores the historical development of the Oghuz tribes in the territory of present-day Kazakhstan during the 9th–11th centuries, focusing on their political organization, state structure, economic and cultural characteristics, and the formation of their ethnic heritage. Based on archaeological, written, and ethnographic sources, the study examines the Oghuz contribution to the development of Turkic civilization and their role in the ethnogenesis of the Kazakh people. Furthermore, it analyzes the internal and external factors that influenced the rise of the Oghuz state and their political and cultural interactions with neighboring peoples. The research provides a new perspective on the significance of the Oghuz period in the historical development of Kazakhstan.*

**Keywords:** Oghuz, Turkic civilization, ethnic heritage, Oghuz state, political structure, culture.

## **REFERENCES**

1. Kazakhstan: National Encyclopedia / Chief editor B. Ayagan. – Almaty: Kazakh Encyclopedia, 2005. – Vol. 7. – 724 p., illustrated. – ISBN 9965-9746-5-9.

2. Sydykov, E., Shanbai, T., et al. Lev Gumilev: Encyclopedia. – Moscow: Khudozhestvennaya Literatura, 2017. – 803 p.
3. Kadashuly, E. Altın Tugyrly Alyptar / Preface by Zh. Smagulov; Edited by E. Musabek. – Karaganda: Typography ARKO, 2020. – 222 p. – ISBN 978-601-204-531-5.
4. Agadzhanov, S. G. Essays on the History of the Oghuz and Turkmens of Central Asia (9th–13th centuries). – Ashgabat: Ylym, 1969. – 295 p.
5. Baikoshkaruly, B. From Avesta to Alash: Historical and Cognitive Studies. – Almaty: Nurly Alem, 2007. – 348 p.
6. Tolstov, S. P. Cities of the Ghuz (Historical and Ethnographic Essays) // Soviet Ethnography. – 1947. – No. 3. – P. 103.
7. Koigeldiev, M., Kinayatuly, Z., Uskembai, K. (Eds.). The History of Kazakh Statehood (Antiquity and the Middle Ages): A Monographic Study. – Almaty: Adamar, 2007. – 416 p.